

Ауданда 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы N 52/22 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қаңтарда N 2113 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5 тармақшасының және 20 бабының 5 тармағы 2 тармақшасының негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын іске асыру мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері, қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. "Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.Д. Торбаева):

1) қоғамдық жұмыстар өткізуге аудан бюджетінде 2013 жылға көзделген қаражат шегінде бекітілген тізбеге сәйкес, жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа жіберуді жүзеге асырсын;

2) қоғамдық жұмыстарды орындауға ұйымдармен шарт жасасқан кезде кейінгі жұмысқа орналастырылу мүмкіндігін көздесін;

3) қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздардың еңбекақысы жергілікті бюджет қаражатынан, жұмыспен өтілген уақытына екінші деңгейлі банктерде енгізу жолымен жұмыссыздардың жеке шотына төленсін;

4) қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздардың еңбекақысы ең төменгі бір жалақы мөлшерінде төленсін;

5) қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздардың еңбекақысы елді мекен аумағын тазалауға ұйымдарға көмекті жүзеге асыру кезінде, "Қарағанды облысы Осакаров ауданының Осакаровка кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде ең төменгі бір жарым жалақы мөлшерінде төленсін;

6) қоғамдық жұмыстарға жіберілген бір жұмыссыздың жұмыс уақытының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспауы, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулер ескеріліп, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен екі демалыс күні бекітілсін.

3. "Осакаров ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.Ж. Ыдырысов) қоғамдық жұмыстарға жұмыспен қамтылған жұмыссыздардың еңбекақысына ақшалай қаражатты уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ламбеков Нұрлан Рымбайұлына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

С. Аймақов

А у д а н

2012

ж ы л ғ ы

26

N

52 / 22

ә к і м д і г і н і ң

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

қ а у л ы с ы н а

қосымша

2013 жылға арналған жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың көлемдері мен түрлері, ұйымдардың тізбесі

P/c	Ұйымдар және мекемелердің атауы	Адам саны	Жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің түрлері	Қатысу мерзімі (ай)	Жұмыс көлемдері
1	Кенттер мен селолық округтар әкімдерінің аппараттары	427	Тұрғындардың үйлерін аралау, селолық округтардың, кенттердің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу, статистикалық тексеріс;	1-6	9325 аула
			ұйымдарға елді мекендерге, бейттер аумағын жинауға көмек;	0,5-1	
			жолдар салу және жөндеу, су коммуникациясының төселімі, мелиорация жұмысын өткізу;	1-3	200 километр
			әлеуметтік мәдени нысандармен белгіленген сондай-ақ тұрғын үйді салуға күрделі жөндеуге қатысу;	1-3	24 нысан
			ескерткіштерді күзету және қалпына келтіру;	0,5	8 ескерткіш
			аймақты экологиялық сауықтандыру;	0,5	1500 дана
			белгіленген мәдени ауқымды шараларды, ұйымдастыруға, мерейтой күндерін, айтулы мейрамдарды өткізуге көмек;	1-2	
			қоғамдық пікір сұрастыру, республикалық, аймақтық қоғамдық компанияларға көмек;	1-2	
			жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге күтім және қызмет көрсету;	1-11	70 адам

			медициналық, тігін, шаштараз басқа да қызметтер (қайырымдылық асханасы) көрсету жөніндегі әлеуметтік-тұрмыстық орталықтардың жұмысын жалғастыру.	1-11	270 адам
2	Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Осакаров ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Осакаров ауданы әкімдігінің аудандық мәдени – сауықтыру орталығы"	5	Мәдени және демалыс орталық саябағының аумағын тазарту, көгалдандыру, көркейту.	2	7 г а 1400 дана
3	"Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарттарға және мүгедектерге үйде күндізгі күтім бөлімі	6	Осакаровка кентінде медициналық, тігін, шаштараз қызметтер көрсету жөніндегі әлеуметтік-тұрмыстық орталықтың жұмысы;	1-11	2000 адам
		6	белгіленген мәдени ауқымды шараларды ұйымдастыруға, мерейтой күндерін, айтулы мейрамдарды өткізуге көмек;	2	
		8	қарттар үйіне және жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге күтім және қызмет көрсету;	3	74 адам
		4	әлеуметтік қызмет: үй аралау, материалдық - тұрмыстық актісін жасау, құжаттар тігу, істер қалыптастыру.	2	58 а у л а 58 а к т 58 іс
4	"Осакаров ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	9	Азаматтарды шақыруды ұйымдастыруда техникалық көмек көрсету (жеке істерді тігу, шақыру қағаздарын тарату).	6	3500 дана 8500 дана
5	"Осакаров ауданының салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	18	Жерге, көлік құралдарына, мүлікке салық төлеу жөніндегі түбіртектерді, хабарламаларды жазу және жеткізу.	3	5000 дана 3000 дана 10000 дана
6	"Осакаров ауданының Прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі	8	Мұрағат құжаттары мен тізімдерді құрастыру; жүктелімдер мен істерді тігу, қ а л ы п т а с т ы р у ; мұрағатқа тапсыру үшін құжаттарды қалыптастыру және мұрағат құжаттарын өңдеу.	3	2000 дана
7	"Осакаров ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	12	Мұрағат кітаптарын ішінара жаңғырту, кітаптарды тігуге дайындау және толықтыру, сұратулар бойынша іздестіру .	3	18000 дана 3000 сұрату
8	"Қазақстан Республикасының еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының	2	Ұзақ және ағымдағы сақталатын мұрағаттық зейнетақы және жеке істерін өңдеу сканерлеу.		13983 іс

	Қарағанды облысы Осакаров ауданының филиалы			2	
9	"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің сот актілер орындау комитетінің Қарағанды облысының сот актілерін орындау департаменті" мемлекеттік мекемесінің Осакаров аумақтық сот орындаушылар бөлімі" филиалы	4	Мұрағатты өңдеу, хабарландыруларды тарату.	3	1200 іс
10	"Осакаров ауданының орталық кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі	4	Косметикалық жөндеу, кітап қорын тексеруге көмек.	2	800 ш.м 45000 дана
11	"Осакаров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	3	Мұрағат құжаттары мен тізімдерін құрастыру, істерді тігу, қалыптастыру.	2	200 дана
12	"Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Мұрағат құжаттары мен тізімдерін құрастыру, істерді тігу, қалыптастыру.	3	2000 дана
13	"Осакаров ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі	3	Мұрағат құжаттары мен тізімдерін құрастыру, істерді тігу, қалыптастыру.	2	200 дана
14	"Осакаров ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	3	Мұрағат құжаттары мен тізімдерін құрастыру, істерді тігу, қалыптастыру.	3	2000 дана
15	"Осакаров ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	5	Мұрағат құжаттары мен тізімдерін құрастыру, істерді тігу, қалыптастыру.	3	2500 дана
16	"Осакаров ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	Мұрағат құжаттары мен тізімдерін құрастыру, істерді тігу, қалыптастыру.	3	2000 дана
17	"Осакаров ауданының ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	Мұрағат құжаттары мен тізімдерін құрастыру, істерді тігу, қалыптастыру.	3	1500 дана

18	Осакаров ауданының соты	3	Мұрағат құжаттарын өңдеу және мұрағатқа тапсыру үшін істерді қалыптастыру.	3	1500 іс
19	Осакаров ауданының № 2 аудандық соты	2	Шақыру қағаздарын тарату; мұрағат құжаттарын өңдеу және мұрағатқа тапсыру үшін істерді қалыптастыру.	2	1500 іс
20	"Осакаров ауданының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2	Мұрағат құжаттарын тігу.	2	2000 іс
21	"Осакаров ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	Мұрағат құжаттары мен тізімдерін құрастыру, істерді тігу, қалыптастыру.	3	1000 іс

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК